Білім мен ғылым –



1 <

Президенттің айтуынша, Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің ішкі жалпы өнімі 398 миллиард долларға жетеді. Ал осыдан жеті жыл бұрын бұл көрсеткіш 181 миллиард доллардың шамасында болды.

– 2019 жылдан бері экономикамызға 155 миллиард доллар шетел инвестициясы тартылды. Еліміздің сыртқы сауда көлемі 150 миллиард долларға жуықтады. Алтын-валюта резерві мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 44 пайызға ұлғайып, 129 миллиард доллардан асты. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 7 миллионнан астам баланың жеке есепшотына 2,5 миллиард доллар аударылды. Бұл қазіргі буын өкілдерінің өскелең ұрпақтың қауіпсіз болашағына қосып жатқан баға жетпес үлесі десек, шындық боларына күмән жоқ, – деді Мемлекет басшысы.

Өз сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі ақысыз медициналық көмектің тетіктерін де айтып өтті.

– Қазақстанда ақысыз медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі нақты бекітілген. Соған сәйкес азаматтарымызға 1 мыңнан астам медициналық қызмет көрсетіледі. Елімізде әлеуметтік жағынан осал топтағы адамдарға берілетін жәрдемақының 39 түрі бар. Кейінгі жеті жылда елімізде 625 орта және ірі өндіріс орны ашылды. 3,6 миллион адам жұмыспен қамтылды. 118 миллион шаршы метр тұрғын үй бой көтерді. 36 мың шақырым автокөлік жолы және 5 мың шақырым теміржол салынып, жөнделді, – деп атап өтті Президент.

«Халықтық құрылыстың» игілігі көп

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазақстан табиғи ресурстар мен сирек кездесетін металдар, яғни уран, мұнай, көмір, титан, алтын, хром, мыс, вольфрам, кобальт, ванадий және тағы басқа аса маңызды минералдар қоры бойынша дүние жүзіндегі көшбасшы елдердің бірі саналатынын тілге тиек етті.

– Өздеріңіз білесіздер, аталған құнды ресурстарға әлемдік сұраныс өте жоғары. Жалпы, осы күнге дейін еліміз көптеген табысқа қол жеткізді. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Әрдайым биік мақсаттарға ұмтыламыз. Мен биылғы Жолдауымда «Халықтық құрылыс» жалпыұлттық бағдарламасын жариялядым. Алдағы жылдарда тұтас ел аумағында көптеген балабақша, мектеп, емхана, спорт кешендері, оңалту мекемелері, жастарға арналған шығармашылық орталықтары, театрлар, әуежайлар, вокзалдар, жолдар және басқа да маңызды нысандар салынады. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында бір мезетте бүкіл аймақты, барлық саланы қамтитын мұндай ауқымды құрылыс бұрын-соңды болған жоқ. Бұл бірегей бағдарлама халықтың әл-ауқатын жақсартуға, кәсіпкерлікті дамытып, экономиканы өркендетуге айрықша серпін бермек. Қысқаша айтқанда, бұл – «барша жұртымызға арналған нағыз халықтық жоба, яғни, кең ауқымды құрылыс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, «Халықтық құрылыс» кезінде салынатын әрбір нысан, әрбір ғимарат жұртымыздың игілігіне қызмет етеді. Өндіріс орындары мен кәсіпкерлер үшін зор мүмкіндіктер пайда болады. Жұмыс орындары ашылады. Қысқасы, «Құрылыс және тағы да құрылыс» қағидаты Қазақстанның жалпыұлттық ұранына айналады. Бағдарлама аясында әлеуметтік нысандармен қатар, атом, су және жылу электр стансалары, деректерді өңдеу орталықтары салынады.

– Жалпы, ауқымды құрылыс жүргізу, цифрлық экономика құру, логистика инфрақұрылымын дамыту, жасанды интеллектіні барлық салаға енгізу – ұлтымыздың болашаққа ұмтылысын айқындайтын аса маңызды міндеттер. Бұл жұмыстың бәрін сапалы орындау үшін, ең алдымен, кәсіби даярлығы жоғары, білікті мамандар, тіпті жаңа мамандық иелері қажет болады. Демек «Халықтық құрылыс» жоғары білім жүйесіне де зор жауапкершілік жүктейді. Ғылым саласы бұл ауқымды өзгерістерге толық дайын болуы керек деп санаймын. Сондықтан осы жиынның өте өзекті екені анық. Дүние жүзі елдің мәртебесі мен орны зияткерлік қуатына және инновациялық қабілетіне қарап анықталатын жаңа кезеңге қадам басты. Жаһанда таланттар мен технологиялар үшін бәсекелестік күшейді. Осындай заманда Қазақстан адам капиталына басымдық беріп, нақты стратегиялық таңдауын жасады. Яғни, біз, ең алдымен, отандық және шетелдік білікті маманды жоғары бағалаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда, Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституциямызда білім, ғылым және инновацияны ұлтымыздың келешек дамуының стратегиялық діңгегі ретінде бекіткенімізді айтып өтті.

– Форумға қатысып отырған ардақты ғылыми қауым өкілдері, университеттер басшылары мен халықаралық серіктестер біздің жаңа стратегиямызды мұқият саралап, асқақ мұратымыздың жаңашыл рухын лайықты түрде бағалайтынына сенімдімін. Білімге негізделген экономика құру азаматтарымыздың ұзақмерзімді конституциялық міндетіне айналды. Қазіргі және одан кейінгі үкіметтер оны тиісті деңгейде орындауға тиіс. Бүгінде Қазақстанда 132 университет бар. Онда 800 мыңнан астам студент білім алады. Кейінгі жеті жылда Үкімет білім беру гранттарына бөлген қаржының көлемі екі есе көбейіп, 3,4 миллиард долларға жетті. Сондай-ақ ұдайы артып келе жатқан сұранысты өтеу үшін елімізде 281 студент жатақханасы бой көтерді. Бұл шаруа алдағы уақытта да жалғасады. Бұдан бөлек, кейінгі жылдары еліміздегі ғылымды қаржыландыру көлемі айтарлықтай ұлғайып, 590 миллион долларға жетті, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жоғары білім беру жүйесіндегі халықаралық ықпалдастықты дамыту, ғылыми байланысты тереңдету – қазіргі заман талабы.

– Біз бұл мәселеге айрықша мән береміз. Қазақстанда осы саладағы халықаралық стратегиялық серіктестік туралы 40 келісім іске асырылып жатыр. Елімізде 11 мемлекеттің жетекші университеттері өз филиалдарын ашты. Осы білім ордаларында 12 мыңнан астам студент оқиды, сондай-ақ 1,5 мыңға жуық оқытушы жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында шетелден келген 600-ден астам профессор бар. Қазақстан осы аймақта алғашқы болып Еуропадағы *Лиссабон* және Азия-Тынық мұхиты аймағындағы Токио конвенцияларына қосылды. Бұл – қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, бұрынғы Білім және ғылым министрі, елші Жансейіт Түймебаевтың арқасы. Соның нәтижесінде енді Қазақстан университеттерінің дипломдары Батыс және Шығыс елдерінде мойындалатын болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар қазір елімізде білім алғысы келетін шетел жастарының саны да көбейіп жатқанын мәлімдеді Президент.

– Былтыр елімізде басқа мемлекеттерден келген 31 мың студент оқып жатқанын айтқан едім. Қазір олардың саны 41 мыңға жетті. Соның ішінде 8 мыңнан астам студент Қазақстанның қаржылай қолдауымен білім алуда. Бұл – Тәуелсіздік жылдары ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. 2029 жылға қарай 100 мың шетел студентін тарту ойымызда бар. «Қазақстанда білім ал!» деген ұлттық бастамамыз осы міндетті іске асыруда маңызды рөл атқарады деп сенемін. Біз кейінгі уақытта қол жеткізген бірқатар жетістігімізді мақтан тұтамыз. Мәселен, 18 университетіміз биылғы QS World University Rankings тізіміне енді. Сонымен қатар Қазақстанның 10 жоғары оқу орны 2027 жылғы Times Higher Education рейтингіне қосылды. 2026 жылғы Жаһандық инновация индексінде Қазақстан аймақ елдері арасында ең жоғары көрсеткішпен көш бастап, орнықты өсім көрсетіп келеді. Алайда жаһандық бәсекелестік қызған кезеңде бізге арқаны кеңге салуға болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Әділдік жолындағы асқақ мұрат

Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жоғары білімнің, ғылымның және халықаралық академиялық ынтымақтастықтың өңірлік орталығы ретіндегі позициясын дәйекті түрде нығайтуды көздейтінін еске салды.

– Біздің стратегиялық мақсатымыз – еліміздің Орталық Азиядағы академиялық хабқа айналдыру, жаһандық білім нарығының, әсіресе, өзекті әрі сапалы білім нарығының бір бөлігі болу. Ғылым мен білімде жаттандылыққа, формализмге жол беруге, сайып келгенде, өзіңді алдауға болмайды. Қазір ауқымды ұйымдастыру жұмыстарының бірінші кезеңінен өттік деп айтуға болады. Осыған байланысты министр Саясат Нұрбекке ризашылығымды білдіремін. Әлемнің жетекші оқу орындарымен жемісті серіктестік орнатып, көптеген шетелдік университеттің филиалдарын аштық. Білім беру мен ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды жаңғырту басталды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осы орайда елімізде М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы ұзақ жылдар бойы жемісті жұмыс істеп келетінін айтып, мысал келтірді.

– Оқу орны Қазақстан мен Ресейдің білім-ғылым саласындағы тиімді ынтымақтастық алаңына айналды. Жақында аталған филиалдың ашылғанына 25 жыл болды. Мерейтойлық датаға орай білім ошағына барынша қолайлы, маңызды міндеттерді орындауға бейімделген жаңа оқу корпусы пайдалануға берілді. Былтыр Астанада Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалы есігін айқара ашты. Іргелі оқу орнының өкілдігі дипломатия, экономика мен цифрлық технология бағыттарында сұранысқа ие мамандар даярлауға кірісіп кетті. Астана қаласында институтқа арналған жаңа ғимарат салу қолға алынды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған қоса, Президент М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті мен Аризона университетінің серіктестігі аясында заманауи оқу-зертхана корпусы мен жатақхана бой көтеріп, биыл бірлескен оқу бағдарламасын аяқтаған алғашқы түлектер бірден Қазақстан және Америка университеттерінің дипломына ие болғанын атап өтті.

– Сондай-ақ Қазақстанда Кардифф университетінің филиалы қызметін бастады. Бұл – британиялық жоғары оқу орнының алғашқы халықаралық кампусы. Бұдан бөлек, Ковентри университеті, Мәскеу инженерлік физика институты, Бейжің тіл және мәдениет университеті, Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университеті сияқты оқу ордаларына арналған кампустар салынып, кеңейтіліп жатыр. Ірі қалаларымызда атом саласына, жасанды интеллект пен креативті индустрия бағыттарына келешек мамандар даярлау жолға қойылып жатыр. Сонымен қатар әлемдік деңгейдегі сапалы білім басқа өңірлерге де қолжетімді болуы керек деп санаймыз. Сондықтан шетелдік филиалдарды орналастыратын жерді таңдаған кезде облыстардың салалық мамандануы мен кадрлық қажеттілігі ескеріледі. Бір сөзбен айтқанда, құрметті қонақтар, әрине, сіздердің көмектеріңізбен халықаралық академиялық серіктестіктің мықты базасын құрдық. Ол үшін барша әріптестерімізге және достарымызға ризашылығымызды білдіреміз, – деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Президент білікті кадрлар, ғылыми жетістіктер және инновациялар арқылы елімізде әлемдік деңгейдегі білімді орнықтыру жөнінде міндет қойғанын мәлімдеді.

– Академиялық хабты дамытудың екінші кезеңінде біз белсенді ғылыми ынтымақтастыққа, бірлескен зертханалар ашуға және серпінді технологиялық жобаларды жүзеге асыруға баса мән беруді жоспарлап отырмыз. Осы орайда, біз жетекші шетелдік университеттерге барынша қолайлы жағдай жасауға және ғылыми зерттеу бағытындағы жаһандық ынтымақтастық аясын кеңейтуге айрықша назар аударамыз. Қазақстан сенімді серіктес ретінде Конституциядағы «Заң және тәртіп» қағидатының тұрақты, болжамды әрі ашық ортаның берік негізіне айналуын қамтамасыз етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Заң және тәртіп» – жай ғана мемлекеттік саясаттың бір қағидаты емес.

– Ол – менің Әділетті Қазақстан құру жолындағы асқақ мұратымның арқауы, өзегі десем болады. Елімізде жүріп жатқан жан-жақты саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар әділдік, отаншылдық, толеранттылық, еңбекқорлық, шығармашылық, зайырлылық және прогресс құндылықтарымен астасып, біте қайнасып жатыр. Конституциямызда заң мен сот алдында бәрі тең екенін анық жазу арқылы осы өзгерістердің нәтижесін бекемдей түсеміз. Осы ретте сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргіземіз. Бұл – біздің табанды ұстанымымыз. Бұған дейін айтқанымдай, жемқорларға ешқандай аяушылық немесе рақымшылық болмайды. Жемқорлық – кез келген мемлекет үшін үлкен зауал. Өйткені халықтың сеніміне селкеу түсіреді, ел дамуына кедергі келтіреді және жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесін жоққа шығарады, – деді Президент.

Осылайша Қасым-Жомарт Тоқаев өз ұстанымы өзгермейтінін: кінәлілердің ешқайсысы заң жүзіндегі жауапкершіліктен сытылып кете алмайтынын, оған лауазымы да, сіңірген еңбегі де, тіпті ықпалды «қамқоршылары» да көмектеспейтінін шегелеп айтты.

– Заң алдында бәрі бірдей болуға тиіс. Сонда ғана біз реформаларды соңына дейін жеткізіп, ел-жұртымыздың үмітін ақтай аламыз. Халық сенімін арттыруға батыл түрде кірістік. Сондықтан әлемнің маңдайалды университеттерімен өзара тиімді серіктестікті нығайтуға мол мүмкіндігіміз бар. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің тәжірибесі – ортақ міндеттерді орындап, елеулі нәтижеге қол жеткізуге болатынына айқын дәлел. 2023 жылы аталған оқу орнында Тяньцзинь кәсіби университетімен серіктестік негізінде еліміздегі алғашқы Лу Бань шеберханасы ашылды. Бүгінде осындай шеберханалар Астана мен Алматы қалаларында да жұмыс істей бастады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің мәлімдеуінше, аталған табысты тәжірибені экономикамыздың игілігі үшін кеңінен таратып, инжиниринг, технология, цифрландыру және табиғи ресурстар, соның ішінде сирек жер металдары мен аса маңызды минералдар салаларына баса мән бергеніміз жөн. Сондықтан бізге индустриялық және басқа да серіктестерді кез келген қауіп-қатерден қорғап, жобалардың тікелей нарыққа шығуын қамтамасыз ететін кешенді қаржылай қолдау жүйесін қалыптастыру керек.

Мықты университеттер – келешектің кепілі

Мемлекет басшысы өз сөзінде тағы бір маңызды мәселеге арнайы тоқталды.

– Бүгінде Қазақстанда үш ірі қала бар. Соның ішінде Астана мен Алматы еліміздің зияткерлік, ғылыми және мәдени орталығы болып саналады. Себебі бұл қалаларда Қазақстандағы жетекші ұлттық университеттер орналасқан. Ендігі кезекте Шымкент қаласын оңтүстік аймақтағы ірі ғылым және білім орталығы ретінде дамытуды көздеп отырмыз. Қазірдің өзінде нақты қадамдар жасалды. Шаһарда Аризона штаты университетінің (Arizona State University) білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ Түркияның Гази университетінің филиалы ашылды. Форумға бұл университеттің ректоры, профессор Угур Унал қатысып отыр. Сөз сөйледі. Сізге ризашылығымызды білдіреміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

EGEMEN QAZAQSTAN
20 ҚАРАША 2026 ЖЫЛ

ұлттың стратегиялық таңдауы



Мемлекет басшысы бұл жұмысты одан әрі жандандырып, Шымкенттің ғылым және білім саласындағы әлеуетін күшейте түсу мақсатында халқымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне ұлттық мәртебе беру туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді.

– Әуезов университеті – аймақтағы ең ірі жоғары оқу орны. Шаһардағы әрбір бесінші студент осы университетте оқиды. Ұлттық мәртебе білім ордасымен қатар, құзырлы министрлікке де зор жауапкершілік жүктейді. Сондықтан Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті сапалы білімнің, терең ғылымның ошағы, аймақтың зияткерлік орталығы болуға тиіс. Жоғары білімнің келешектегі дамуы жасанды интеллект технологияларымен тығыз байланысты болары анық. Қазақстан барлық салаға жасанды интеллектіні енгізуді қолға алды. Бұл ретте ғылым және білім салаларына басымдық беріледі. Мен 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялладым. Қазақстан «Жасанды интеллект туралы» заң қабылдады, Цифрлық кодексті бекітіп, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құрды, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектіні қауіпсіз жолмен әрі жауапкершілікпен дамытуды көздейтін «Вашингтон моделін» қолдағанымыз, ол БҰҰ аясында жасанды интеллектіні реттеудің жаһандық ережелерін әзірлеуге негіз болғанын атап өтті.

– Зерттеуші ғалымдарымыз KazLLM және AlemLLM деп аталатын ұлттық тіл модельдерінің басты элементтерін жасап шығарды. Биыл қазан айында Qazaq AI Research University жұмысын бастады. Бұл – еліміздегі жасанды интеллект зерттеулеріне маманданған алғашқы білім ордасы. Сонымен қатар студенттердің ЖИ саласындағы дағдыларын қалыптастыруға, технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға және DeepTech-стартаптарға қолдау көрсетуге арналған AI-Sana бағдарламасы қолға алынды. Біз NVIDIA компаниясымен жемісті ынтымақтастықты жолға қойдық. Аты аңызға айналған көрнекті инженер Дженсен Хуанг мырзаға жақында Астанаға арнайы келгені үшін алғыс айтамын. OpenAI компаниясымен серіктестік нәтижесінде еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының ұстаздары ChatGPT Edu арнаулы чат-ботын еркін пайдалану мүмкіндігіне ие болды, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің мәлімдеуінше, Стэнфорд университеті, Массачусетс технологиялық институты (MIT), Беркли және Карнеги Меллон университеттеріндегі сарапшылардың қолдауымен студенттеріміз 22 мыңнан астам жобаны жасап шығарды. ЖИ-мен байланысты жүздеген шешім бизнес, денсаулық сақтау, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларына енгізіліп жатыр.

– Satbayev Technical University мен Гонконг қалалық университеті арасындағы ынтымақтастық та осы салада айтарлықтай нәтиже әкелді. Бұл ретте Нгай мырзаның жасанды интеллект саласындағы әзірлемелерді өндіріске енгізу туралы бастамасын толық қолдаймын. Осы форум аясында Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы университеті Қазақстандағы өңірлік зерттеу хабын ашу туралы келісімге қол қояды. Бұл – айтулы жетістік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы БҰҰ университетінің өкілдігін Алматыда орналастыру Қазақстанның ғылыми мүмкіндігі әлемдік дәрежеде мойындалғанына дәлел болып, басқа да білім беру мекемелерімен және ғылыми ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жол ашатынын жеткізді. Осылайша, біз университеттеріміздің әлеуетін нығайтып, қуатты академиялық ортаның қалыптасуына тың серпін береміз.



Сурөттерді түсіргендер – А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Е.УКІБАЕВ

– Былтырғы форумда «Мықты университеттер – келешектің кепілі» деп айтқан едім. Шын мәнінде елдің технологиялық дербестікке жетуі, ең алдымен, білім-ғылымның өркендеуіне тікелей байланысты. Сондықтан біз жастарымыздың сапалы білім алып, ғылыми зерттеулермен алаңсыз айналысуына және өз идеяларын жүзеге асыруына барынша жағдай жасауымыз керек. Ұлттың зияткерлік қарымы мен қабілетін ашу тұрғысынан мұның маңызы зор. Біз Конституциямызда айқындалған қағидаттардан айнымай, өркендеген, келешекке сеніммен көз тіккен әрі гүлденген мемлекет құруды жалғастырамыз, – деді Президент.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым – тұтас адамзаттың игілігіне қызмет ететін теңдессіз құндылық екеніне тоқталды. Сондықтан білімде шекара жоқ, болмауға да тиіс.

– Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан барлық елмен зияткерлік байланысты ұлғайтуға ұдайы баса мән береді. Бұл ретте еліміздің білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлес қосып келе жатқан университет басшыларына, ғалымдарға, оқытушыларға және барша әріптестерімізге тағы да алғыс айтамын. Алдағы уақытта да бірлесіп көптеген озық бастамаларды жүзеге асырып, өзара пайдалы байланыстарымызды жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін, – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Форумда Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, БҰҰ университетінің ректоры, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Тшилидзи Марвала, Times Higher Education бас директоры Джон Гилл, Гази университетінің ректоры Угур Унал, Гонконг қалалық университеті директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Нгай, Хериот-Уотт университетінің ректоры Нола Хьюитт-Дандас, Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-технология университетінің ректоры Сергей Филатов сөз сөйледі.

Іс-шара соңында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен БҰҰ университеті арасында қол қойылған өңірлік зерттеу хабын ашу туралы келісімді алмасу рәсімі өтті.

Әлемдік оқу орындарымен байланыс жалғасады

Форум отырысынан кейін Президент халықаралық ұйымдар және жетекші шетелдік университеттер басшыларымен өткен дөңгелек үстелге қатысты. Мұнда Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жиын серіктестікті жаңа әрі сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Бүгінде мұның маңызы арта түсті. Қазіргі геосаяси шиеленіс білім мен технология салаларына да әсер етіп отыр. Ғылыми ынтымақтастық қауіпсіздік тұрғысынан қарастырыла бастады. Озық жетістіктерді ортақ игілік емес, бәсекелестік құралы ретінде қабылдау жиіледі. Бұған білім мен технология дамудың негізгі қозғаушы күшіне айналған кезеңде куә болып отырмыз. Жасанды интеллект, жаңа материалдар, энергетикалық және биотехнологиялар экономиканы, еңбек нарығын, сондай-ақ білім беру жүйесін өзгертіп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент білімнің жаңа бағыттарын игеруге, білікті маман даярлауға, ғылыми идеяларды технологияға айналдыруға қабілетті елдер ғана табысқа жете алатынына ерекше мән берді.

– Біз елімізді халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі әрі түрлі өңірлерді байланыстыратын көпір ретінде таныта алдық. Адам капиталын дамыту, білім-ғылымды және инновацияны ілгерілету – ұлттық стратегиямыздың негізгі бағыттары. Тағы да атап өткім келеді, бұл басымдықтар еліміздің тарихында алғаш рет Конституциямызда мемлекеттің стратегиялық мақсаттары ретінде бекітілді. Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауымда технологиялық жаңаруды жеделдету, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ азаматтарымызды жаңа цифрлық экономикаға бейімдеу қажеттігіне баса мән бердім. Бұл мақсатқа қол жеткізу жекелеген бастамаларды емес, керісінше мемлекеттің, университеттер мен бизнестің дәйекті әрі үйлесімді әрекет етуін талап етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан әлемнің жетекші университеттері және ғылыми-зерттеу орталықтарымен әріптестік орнатуға қашанда дайын екенін айтты.

– Өздеріңіз көріп отырғандай, жұмыстың бастапқы кезеңі аяқталды. Қажетті инфрақұрылым жасалды, серіктестік келісімдер ресми түрде ресімделді және көп ұзамай шетелдік университеттердің филиалдары жұмысқа толық кіріседі. Ендігі қадам – экономикамызға қажетті бірлескен зерттеулер жүргізу, жаңа технологиялар әзірлеу және нақты шешімдер енгізу арқылы ынтымақтастығымыздың мазмұнын байыту, – деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысы ықпалдастықтың басым бағыттарына тоқталды.

– Әуелгі кезекте – су қауіпсіздігі. Бұл – Орталық Азия үшін экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық мәселесі. Тіпті мұны тіршілік үшін күрес мәселесі дер едім. Трансшекаралық өзендерді басқару, заманауи мониторинг жүйесін құру, су үнемдеу технологияларын енгізу және ғылыми тұрғыдан негізделген су дипломатиясын дамыту түрлі елдердің сарапшылық әлеуетін біріктіруді қажет етеді. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымы университетінің тәжірибесі мен мүмкіндіктеріне арқа сүйейміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент елімізді жаңжақты трансформациялауға қажетті білікті маман даярлау ісін екінші өзекті бағыт ретінде атады.

– Қазақстан «Халықтық құрылыс» бастамасын іске асыруға кірісті. Бұл жай ғана жекелеген нысандардың құрылысы емес. Оның аясында энергетикадан, соның ішінде атом қуатынан бастап көлік, су шаруашылығы және цифрлық нысандарды қамтитын ұлттық инфрақұрылымды жаппай жаңғырту үдерісі жүзеге асырылады. Осы жалпыұлттық бастаманың негізгі қағидаты өте қарапайым: «Құрылыс және тағы да құрылыс». Әсілі, бұл – біздің жаңа жасанды интеллект дәуіріндегі сынқатерлерге беретін жауабымыз. Бұрынсоңды болмаған ауқымды міндетті іске асыру үшін инженерлердің, техникалық мамандар мен зерттеушілердің жаңа буынын даярлау керек. Серіктестеріміздің аталған басым бағыттар бойынша кадр даярлау және қолданбалы зерттеулер жүргізу ісіне атсалысуға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні білім мен ғылым саласына енгізу қажет екенін де атап өтті. Президенттің пікірінше, ЖИ-ді қолданысқа енгізу қарапайым бағдарлама сатып алумен шектелмеуге тиіс.

– Заманауи оқу бағдарламаларын, оқытушылар құрамын даярлау керек. Сонымен қатар сенімді цифрлық инфрақұрылым құруға және жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдаланудың нақты қағидаттарын әзірлеуге мән берген жөн. Ықпалдастығымызды одан әрі өрбітуге не кедергі болып тұрғанын ашық айтыңыздар. Қаржылық шектеулер, әкімшілік рәсімдер ортақ жұмысымызға қалай әсер етеді? Академиялық ұтқырлыққа қаншалықты кедергі келтіріліп отыр? Ондай келеңсіздіктерді анықтап, жою қажет. Таяу арада қандай жобаны іске қоса аламыз? Тараптар қандай міндеттемелер алуға дайын? Нақты шешімдер қабылдауға түрткі болатын мазмұнды пікірталас өрбиді деп ойлаймын, – деді ол.

Сөз соңында Мемлекет басшысы осы пікірталас ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашып, нақты іске ұласатынына сенім білдірді.

– Ең алдымен біз нақты инфрақұрылым қалыптастырамыз, яғни университеттерге қажетті кампустар саламыз. Мәскеу халықаралық қатынастар институтын, сондай-ақ Кардифф университетін өте жақсы мысал ретінде атап өттік. Келесі жылы Астанада бірқатар кампусты іске қосамыз. Аталған жұмыс жалғаса беруге тиіс. Өйткені бұл – біз үшін аса маңызды басымдық. Елордада немесе еліміздің басқа өңірінде филиалын ашқысы келетін кез келген университетке қолдау көрсетуге әзірмін. Форум мінберінде айтқанымдай, біз Қазақстанда сарапшылар әлеуеті, білім мен тәжірибе шоғырланғанын қалаймыз. Соған мүдделіміз. Сол себепті ғылым, білім мен жоғары технологиялар біз үшін өте өзекті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дөңгелек үстел барысында Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ректоры Анатолий Торкунов, Солтүстік Қытай су ресурстары және электр энергетикасы университетінің президенті Лю Цзюньго, Кардифф университетінің президенті Ларнер Венди, Сеул киберуниверситетінің президенті Ли Ынджу, Үрімжі кәсіби университетінің президенті Гэ Чэнгуан, Анхальт университетінің президенті Йорг Багдан, Гази университетінің ректоры Угур Унал мен Ұлттық ядролық зерттеу университетінің ректоры Владимир Шевченко сөз сөйледі.